

ТЕМІР ЖОЛ КӘСПОРЫНДАРЫНЫҢ АТАУЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 26 қаңтар 1994 ж. N 97

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Ақмола және Атырау облыстары әкімдерінің Батыс Қазақстан темір жолы Гурьев бөлімшесін - Батыс Қазақстан темір жолы Атырау бөлімшесі, Гурьев-1 стансасын-Ақжайық стансасы, Гурьев-2 стансасын-Атырау стансасы, Гурьев-3 стансасын-Махамбет стансасы, Тың темір жолы Целиноград бөлімшесін-Тың темір жолы Ақмола бөлімшесі және Целиноград стансасын-Ақмола стансасы етіп өзгерту туралы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігімен және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссиясымен келісілген ұсыныстары құпталсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі